

Бекітілді: С.А.Искакова
Басқұдық ЖОБЕМ-нің директоры м.у.а.



Келісілді: А.Т.Саметеев
Аудандық білім бөлімінің басшысы м.у.а.



Тақырыбы:

«Жаһандық құзыреттілік»

Класы: 10 класс

Орындағы: Куанышбаева С.А. С.А.Куанышбаева

Көркем еңбек пән мұғалімі

Ә/б отырысында қаралды Куанышбаева С.А.

Ә/Б жетекшісі: Куанышбаева С.А.

№ 01 хаттама күні 28 айы 08 2023 ж

Тексерілді: С.А.Искакова С.А.

Оку ісінің орынбасары

2023-2024 оқу жыл

Түсінік хат

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормалары мен мінез-кулық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. **Курстың мақсаты:** білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуды; өз тандауы үшін жауапкершілікке дағыландыру және кәсіпкерлік түрғыда ойлаудын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру.

4. Оқыту міндеттері:

- 1) білім алушыларда кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру;
- 2) кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту;
- 3) білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- 4) бизнес-идеяларды генерациялау және оларды кәсіпкерлік қызмет деңгейіне дейін дамыту дағдысына ие болу;
- 5) бизнестің өмір сүруін арттыру мақсатында бәсекелестіктің өзгеретін жағдайларында бизнес-модельдеу және бейімдеу дағдыларын дамыту;
- 6) зерттеу жүргізу, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
- 7) өзінің жетістіктері мен өзінің өмірлік ұстанымы үшін жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады.

5. «Жаһандық құзыреттіліктер» оқу пәнінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- 1) Қазақстан кәсіпкерлігінің даму тарихы, практикасы және ерекшелігі негізінде пәнді құру;
- 2) оқу процесін интерактивтік, зерттеу, топтық әдістемелер мен оқыту технологияларын қолдана отырып, үйимдастыру;
- 3) жаппай кәсіпкерлікті дамытудың қазақстандық және әлемдік нарықтық үрдістерін ескере отырып, сұранысқа ие XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру (кәсіпкерлік өмір салты ретінде);
- 4) саналы өмірлік ұстанымды қалыптастыру және өз қызметін тандауы үшін жауапкершілікті қабылдау мақсатында коучингтік тәсілдерді пайдалану;

- 5) практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға, процесті геймификациялау арқылы бастапқы тәжірибелі қалыптастыруға бағытталған тренингтік форматты пайдалану;
- 6) синергетикалық әсер алу мақсатында аймақаралық деңгейде курсты игеру шеңберінде ақпарат алмасу, өзара іс-қимыл жасау үшін мектептің интернет-қоғамдастығын құру;
- 7) электрондық кітапханалық базаның және жұмыс материалдары базасының on-line порталы, білім алушылар, әлеуетті стартаптар, жұмыс істеп тұрған бизнес пен инвесторлар арасындағы коммуникациялардың вебинарлық және қонақжай алаңы арқылы үйімдастыру;
- 8) білім беру процесін автоматтандырылған модельдеу арқылы кәсіпкерлік қызметті жүргізу дағдыларын дамытатын мамандандырылған онлайн - және оффлайн ойындармен қолдау;
- 9) клиенто-бағдарлау дағдыларын дамыту үшін дизайн-ойлау қағидаттарын пайдалану;
- 10) барынша тиімді практикалық және әдіснамалық сонымен қатар, басқа қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасауға ықпал ететін инфрақұрылым құру

6. «Жаһандық құзыреттіліктер» оқу курсының оқу жүктемесінің көлемі 10-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Нені менгеру керек:

- білім алушылардың жергілікті, өнірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сиңи үғыну;
- мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланысы қағидаттарын менгеру;
- түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын менгеру;
- білім алушылардың экологиялық мәдениеті алынған білімді практикада қолдануды менгеру;

Нені үйренуі тиіс:

- Ата-аналарға ризашылық білдіруді үйрену;
- Этикалық мәдениетін дамытуға;
- нақты өмірлік жағдайларда мінез- құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға;
- социумдағы табысты өзара іс-қимылға;
- ахуалды сиңи талдау және жауапты шешімдер қабылдауды;

Күтілетін нәтиже: «Жаһандық құзыреттерді» оқыту шеңберінде орта білім беретін 5-11-сыныптарда білім алушылар жаһандық оқығаларды, олардың себептері мен салдарын, әртүрлі процестер мен құбылыстарды аналитикалық бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, өзіндік және топтық жұмыс, педагог-тәлімгердің қолдауымен өз оқыту процесін басқару, маңызды проблемаларды жеке, өнірлік / ұлттық және жаһандық тұрғыдан қарастыру, олардың өзара байланысын түсіну, қол жетімді ақпаратты сиңи бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-қимыл, жеке өсу перспективаларын, өз елінің дамуы мен оның жетістіктеріне жеке қатысуын көру дағдыларын менгереді.

Оқу курсының базалық мазмұны

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде білім алушылар «Жаһандық құзыреттіліктер» үғымымен танысады, жобалық жұмыстың тақырыптары мен мақсаттарын, жобалық топ мүшелерін, қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау және жинау, нәтижелерді ұсыну тәсілдерін айқындайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді, жобалық топ мүшелері арасында міндеттерді бөледі.

Екінші бөлімде жаһандық экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және басқа да мәселелердің негізгі түрлері қарастырылады. Жобалау жұмысы кезінде білім алушыларға зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі. Зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін білім алушылар халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды.

Ушінші бөлім аясында білім алушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуге, толеранттылық танытуға, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеуге үйренеді. Білім алушылар жобаның зерттеу міндеттерін жинауға және нақтылауға, кезең-кезеңімен орындауға кіріседі.

Төртінші бөлім білім алушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің әртүрлілігін түсінуін қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға бағытталған. Білім алушылар ақпаратты талдау, түйінді ойларды тұжырымдау және жобаны рәсімдеу бойынша жұмыс істейді.

Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Білім алушылар алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындауды, негізгі қорытындыларға талдау жүргізеді.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

10-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» екі юнитінен тұрады. 10-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» курсының мазмұны білім алушыларда пән саласына қатысты дағдыларды (hard skills), әлеуметтендіру дағдыларын (soft skills), өздігінен білім алу және үздіксіз білім алу дағдыларын (self skills) қалыптастырудың жүйелі процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, «Жаһандық құзыреттерді» оқыту шеңберінде орта білім беретін 5- 11-сыныптарда білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын, әртүрлі процестер мен құбылыстарды аналитикалық бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, өзіндік және топтық жұмыс, педагог-тәлімгердің қолдауымен өз оқыту процесін басқару, маңызды проблемаларды жеке, өнірлік / ұлттық және жаһандық тұрғыдан қарау, олардың өзара байланысын түсіну, қол жетімді ақпаратты сыни бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-қимыл, жеке өсу перспективаларын, өз елінің дамуы мен оның жетістіктеріне жеке қатысуын көру дағдыларын менгереді.

Юниттер тақырыбы оқытудың алуан түрлі тәсілдерін ұсынады: проблемалық және зерттеу, шығармашылық, саналы және гуманистік оқыту.

Білім алушылардың оку қызметі ұжымдық, шығармашылық және өзіндік жұмысы форматында ұйымдастырылуы мүмкін, оның барысында тиімді өзара әрекеті мен ынтымақтастық, коммуникация, коллаборация, сыни және шығармашылық ойлау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі басқару дағдылары құнделікті өмірінің ажырамас белігі ретінде қалыптасады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен әлеуметтік бағыттағы акцияларды жүзеге асырудағы бастамаларын қолдау маңызды.

Педагог білім алушылардың бастамаларына қолдау көрсете отырып, оку процесін мынадай форматта ұйымдастырады:

- жаһандық проблемалар, олардың себептері, салдары және ықтимал әрекеттер бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу;
- дәлелдерді, аргументтер мен көзқарастарды қолдау үшін дәлелдемелерді пайдалану;
- мәселені анықтау және талдау, дәлелдер мен көзқарастарды тұжырымдау;
- шағымдарды, дәлелдер мен көзқарастарды қолдау үшін қолданылатын дәлелдер мен аргументтерді талдау және бағалау;
- зерттеулерді, дәлелдер мен көзқарастарды қолдау үшін көздерді және/немесе процестерді талдау және бағалау;
- аргументті, көзқарасты, іс-қимыл жоспарын немесе нәтижені қолдау үшін ойлау сыйығын жасау;
- жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық ұстанымдардағы маңызды мәселелерді қарастыру, осы көзқарастар (перспективалар) арасындағы байланысты түсіну;
- жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы аналитикалық бағалау түсінігін дамыту. Рефлексия аясында:
 - әр түрлі көзқарастарды объективті түрде қарастыру;
 - аргументтер мен дәлелдерді қолдана отырып, жеке көзқарасты негіздеу;
 - топтық жұмыс және зерттеу нәтижелері жеке окуға қалай әсер еткенін түсіну және түсіну.

коммуникация және колаборация шеңберінде:

- тиісті дәлелдерді, аргументтер мен көзқарастарды нақты және құрылымды түрде таңдау және ұсыну;
- ғылыми негіздемені қоса алғанда, зерттеу нәтижелерін ұсыну;
- командалық жобаның жалпы мақсаты мен нәтижесіне үлес қосу;
- жауапты азаматтық ұстанымды білдіру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсының ұзақ мерзімді жоспары
10-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты	Оқу мақсаттары. Білім алушылар:
1-бөлім. Жаһандық құзыреттіліктер				
1	Жаһандық құзыреттіліктер дегеніміз не	1	07.09.	<ul style="list-style-type: none"> - жаһандық мәселені зерттеу үшін зерттеу тақырыптары мен мақсаттарын анықтау; - жаһандық мәселелер бойынша көзқарастарды анықтау, сипаттау және сынни салыстыру; - дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді таңдау; - баламалы көзқарастарды қарастыру және талқылау.
2	Жаһандық құзыреттіліктердің маңыздылығы	1	14.09.	
3	Жаһандық құзыреттіліктерді дамыту жолдары	1	21.09.	
4	Жобалау жұмысы. Дайындық және жоспарлау	1	28.09.	
2-бөлім. Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы мәселелерді зерттеу				
5	Жаһандық проблемалардың түрлері	1	05.10.	<ul style="list-style-type: none"> - дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді таңдау; - дереккөздердің күшті және әлсіз жақтарын бағалау; - жаһандық мәселе бойынша өз көзқарасынызды және оның қалай дамығанын сипаттау; - дәлелдерді, себептер мен мәлімдемелерді растау үшін дәлелдемелерді зерттеу және талдау.
6	Әлеуметтік мәселелер	1	12.10.	
7	Әлеуметтік теңсіздік жаһандық проблема ретінде	1	19.10.	
8	Әлеуметтік теңсіздік. Себептері	1	26.10.	
9	Әлеуметтік теңсіздікті жену жолдары			
10	Қактығыстар. Ұғымы. Түрлері	1	09.11.	
11	Жанжалдарды шешу жолдары			
12	Экологиялық мәселелер	1	16.11.	
13	Климаттың өзгеруі	1	23.11.	
14	Ауаның ластануы	1	30.11.	
15	Судың ластануы	1	07.12.	
16	Жердің ластануы	1	14.12.	
17	Жобалау жұмысы. Зерттеу	2	21.12. 28.12.	
3-бөлім. Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу				
18	Дүниетанымды түсіну	1	11.01.	<ul style="list-style-type: none"> - жаһандық мәселелер бойынша көзқарастарды анықтау, сипаттау және сынни салыстыру; - бастапқы және қайталама дереккөздерден дәлелдемелерді жинау, жазу және талдау; - өз көзқарасын негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру;
19	Басқа адамның көзқарасын қабылдау мүмкіндігі	1	18.01.	
20	Өзге де мәдениеттерді білдіретін адамдарға құрмет көрсету	1	25.01.	
21	Төзімділік: бір-бірімізді түсінуге үйрену	1	01.02.	
22	Жобалау жұмысы. Зерттеу	2	08.02. 15.02.	
4-бөлім. Мәдениеттер арасындағы ашық және тиімді өзара іс-қимылға қатысу				
23	Мәдени сәйкестікті қалыптастыру	1	22.02.	<ul style="list-style-type: none"> - дәлелдердің, мәлімдемелердің, себептер мен дәлелдемелердің негізгі элементтерін анықтау және бағалау; - бастапқы және қайталама дәлелдемелердің әртүрлі түрлерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау және бағалау; - дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру; - құрылымды сактай отырып, ақпарат пен дәлелдемелер ұсыну; - одан әрі зерттеу саласын анықтау
24	Өзін, мәдениетін және басқа мәдениеттерді тану және қабылдау	1	29.02.	
25	Әр түрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі	1	07.03.	
26	Мәдениетаралық коммуникация	1	14.03.	
27	Мәдениетаралық коммуникациядағы стереотиптер	1	04.04.	
28	Жобалау жұмысы. Қорытынды	2	11.04. 18.04.	

5-бөлім. Ұжымдық ігілікке жәрдемдесу және тұрақты даму

29	Ұжымдық әл-аукат пен Тұрақты дамудың маңыздылығы	1	25.04.	<ul style="list-style-type: none"> - аргументтің немесе тұжырымның салдарын/ әсерін анықтау және бағалау; - өз көзқарасын негіздеу үшін себептер мен дәлелдер көлтіру; - презентацияның әртүрлі формаларын қолдана отырып, жаһандық көзқарастарды ұсыну; - құрылымды сактай отырып, ақпарат пен дәлелдемелер ұсыну.
30	Жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу	1	25.04.	
31	Жаһандық азаматтық	1	02.05.	
32	Жобалау жұмысы	2	16.05. 23.05.	

Қолданылған әдебиеттер:

Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030 » Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауы,2011ж.
2. Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргетасын бірге қалаймыз» Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауы,2011ж.
- 3.2011-2020жж. арналған білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
4. Т.Т.Нұрлыбай ,И.К.Туечиева «Оқушы құзыреттілігін дамыту негізінде білім сапасын арттыру мәселелері» Шымкент 2010ж.
- 5.Мұғалім даярлығына байланысты А.Рысбаева Қазақстан мектебі №3

Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Математика тарихын оқыту білімді ізгілендіру тәсілі. Г.Қ.Нұр.- Ақтау, 2009
- 2.Тысяча и одна задача по математике: Кн: для учащихся 5-7 кл. А.В Спивак. М. Просвещения, 2004г.
- 3.Т.Алдамуратова, Қ.Байшоланова, Е.Байшоланов, математика 5 сынып Алматы «Атамұра» 2018ж
- 4.С.А.Рахимбердинова «Математикалық логика 5-7 сынып» әдістемелік құрал, Астана 2019ж.
- 5.Рамазан Омаров «Логикалық сұрақтар, есептер, ойындар мен құрастырмалар»,Алматы «Өлке» 2013 ж.